

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Володар ауылдық округінің Саумалкөл ауылындағы Демьян Бедный көшесін Кәкімбек Салықов көшесіне қайта атау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Володар ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 16 тамыздағы № 74 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылымы туралы" Заңының 14 – бабы 4) тармақшасына сәйкес, Саумалкөл ауылы халқының пікірін ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 8 шілдедегі қорытындысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Володар ауылдық округінің Саумалкөл ауылындағы Демьян Бедный көшесі Кәкімбек Салықов көшесі қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Е. Қасымғалиев